

ӨОЖ 338.24

С.А. Ельтинова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: [yeltinova\\_s\\_a@mail.ru](mailto:yeltinova_s_a@mail.ru)

### Қазақстан Республикасындағы инвестициялық жобалардың тиімділігін әлемдік тәжірибені қолдану арқылы жетілдіру

Қазіргі жаһандану заманында кез келген мемлекет халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға талпынады. Осы мақсатқа жету барысында елдер арасында технологиялармен алмасу арқылы инвестициялық және инновациялық жоба жағдайын дамыту – экономикалық өрлеудің маңызды факторына айналуға. Қазақстанның инвестициялық жобалардың жағдайы бүгінгі таңда тиісті деңгейде дамыған жоқ. Қазіргі кезде Қазақстанда инвестициялық жобалардың жаңашылдығын, тиімділігін және экономикаға оң әсерін анықтайтын көптеген талдау әдістері қолданылуда. Бүгін бұл қызметтерді, қағидаларды, әдістер мен тәсілдерді «Самұрқ-Қазына» АҚ жасалып жатқан жұмысынан көріп отырмыз. Бұл атқарылып жатқан жұмыстардың ең басты қағидасы – қосылған құны бар тауарлар мен қызметтер жасауға, сондай-ақ өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыруға және көлемін ұлғайтуға бағытталған экономикалық жағынан тиімді, өзін-өзі ақтайтын жобалар ғана жүзеге асырылады.

**Түйін сөздер:** инвестициялық жоба, тиімділік, бағалау, қағида, әдіс.

S.A. El'tinova

#### Improvement of efficiency of investment projects of the Republic of Kazakhstan by using of world experience

In present time of globalization any country tries to improve a social and economic condition of the population. For this purpose investment and innovative development by means of an exchange of technologies conducts to an important factor of economic growth. Now the condition of investment projects isn't developed at the proper level. Presently for novelty, efficiency and positive influence of investment projects on economy are used a set of methods. We can see activity, the principles and methods in JSC "Samruk-Kazyna" works. The main principle of these works is – development of projects for improvement of quality of goods and services, and increase in economically effective projects.

**Key words:** investment project, efficiency, assessment, principle, method.

С.А. Ельтинова

#### Совершенствование эффективности инвестиционных проектов Республики Казахстан, используя мировой опыт

В статье рассматривается эффективность и оценка эффективности инвестиционных проектов, а также международные принципы оценки, нынешние работы и достижения казахстанских инвестиционных проектов.

**Ключевые слова:** инвестиционный проект, эффективность, оценка, принцип, метод.

Әлемдік экономиканың дамуы бүгінгі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазіргі жаһандану заманында кез келген мемлекет халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға талпынады. Осы мақсатқа жету барысында халықаралық мамандану мен кооперацияның тереңдеуі, елдер арасында технологиялармен алмасу арқылы инвестициялық және инновациялық жоба жағ-

дайын дамыту – экономикалық өрлеудің маңызды факторына айналуға.

Кез келген экономиканы дамытуға ірі инвестициялар тартылатыны мәлім. Ал Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті А. Кайгородцевтің зерттеуінше, бүкіл инвестицияның 60%-ы мұнай және газ секторларына жұмсалады екен. Ал электр энергиясына, қара металлургия мен тамақ өнеркәсібіне шама-

мен 8% бөлінеді екен. Осындай инвестицияны әр секторға әртүрлі бөлу екі жолмен түсіндіріледі. Біріншіден, шикізаттық секторларға салынған инвестиция тезірек қайтарылады. Мысалы, мұнай кенін шикізат күйінде өндіріп алу, оны қайта өңдеп дайын өнім шығарумен салыстырғанда әлдеқайда оңай. Осыған орай, мұнай кенін өндіруге салынған қаражат тезірек қайтарылып алынады. Екіншіден, батыстық инвесторлар қазақстандық тауарөндірушілердің әлемдік нарықта олардың өздеріне бәсекелес болғанын мүлде қаламайды. Жалпы нарықтық экономиканың басты заңдылығы да бәсекелестікте емес пе? Міне, осындай екі үлкен себептің нәтижесінде бүгінде Қазақстанның инвестициялық жобаларының жағдайы бүгінгі таңда тиісті деңгейде дамыған жоқ.

Инвестициялық жобаны дайындау, әзірлеу, іске асыру мәнінде және оларды экономикалық бағалауда қолданылатын әдістерін зерттеуде бірнеше этаптардан өту керек: инвестициялық идеяның тууы; инвестициялық мүмкіншілікті зерттеу; құрылыстың, объектіні қайта құру, техникалық қайта қаруландыру жұмыстарының техника-экономикалық негіздемесін құрастыру; келісімшарт құжаттарын әзірлеу; құрылыстық-монтаждық жұмыстар; объектіні эксплуатациялау және экономикалық көрсеткіштердің мониторингін жүргізу.

Инвестициялық жобаның тиімділігі дегеніміз – жоба қатысушыларының мүддесін және жобаның мақсатқа сай келуін көрсететін категория. Жобаның тиімділігін бағалаудың негізгі қағидалары:

- жобаны бүкіл өмірлік циклі бойынша қарастыру;
- ақша қаражаттар ағымын модельдеу;
- уақыт факторын есепке алу;
- күтілетін шығындар мен түсімдерді есепке алу;
- жағдайды жобасыз және жобамен салыстыру;
- бағалаудың көп кезеңдігі;
- инфляцияның әсерін бағалау.

Халықаралық тәжірибеде инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда келесідей қағидаларға сүйенеді:

- инвестициялық жобаны іске асыру барысындағы таза табыс пен амортизациялық аударымдар есебінен қалыптасатын ақша

ағынының көрсеткіші негізінде инвестрленген капиталды қайтаруды бағалау қағидасы;

- болашақтағы түсімдерді, яғни ақша ағындарын қазіргі құнға міндетті келтіру қағидасы;

- әртүрлі инвестициялық жобалар үшін ақша ағындарын дисконттау үрдісіндегі пайыздық дифференциалданған ставкасын (дисконттық ставка) таңдау қағидасы.

Осы қағидаларға сәйкес инвестициялық жобаларды бағалаудың келесідей көрсеткіштері анықталған:

- мемлекеттік, аймақтық және жергілікті бюджеттер үшін жобаны іске асырудағы қаржылық қорытындыларды бейнелейтін, бюджеттік тиімділік көрсеткіштері;

- жалпы ұлттық экономиканың мүддесі үшін жобаның тиімділігін сипаттайтын, жалпы тиімділік көрсеткіштері;

- тікелей қатысушылары үшін жобаны іске асырудағы қаржылық мүдделерді ескеретін, коммерциялық тиімділік көрсеткіштері.

Сонымен бірге әлемдік тәжірибеде инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін бағалаудың әдістері бар, олар алға қойылған мақсаттардың шындыққа негізделуі мен жобаны іске асыруда жүргізілетін жұмыстардың жайын бақылау үшін жасалған. Дегенмен, тұрақты рыноктық экономикалы елдер тәжірибесінен «көшіріп алып, қолдану» қазақстандық шындыққа сәйкес келмейді, себебі бұл әдістер қаржылық талдаудың күрделі әдіс-шараларына сүйенеді.

Сондықтан:

- шетелдік әдістерге негізделген, рыноктық экономиканың дамуында өзінің өміршендігін дәлелдеген әдістерді қолдана отырып, отандық әдістер нақты нысандардың жобалық шешімдерде қалыптасқан тиімділік резервтерін ескеруі тиіс;

- капитал салымдарының жалпы тиімділігіне негізделген ірілендірілген экономикалық бағыттар әдістерін жеткілікті дәрежеде толықтыруда, жобалаушылар тиімділікті бағалау механизмін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың түрлі кезеңдерінде қолдануы тиіс;

- инвестиция тиімділігін талдау механизмі инвестициялық қызметтің мекен-жайлық, мерзімдік және субъективті (инвестордың тапсырысы бойынша) ерекшеліктерін ескеруі тиіс;

– жобалардың көпнұсқалылығы болуы тиіс, сәйкесінше, олардың экономикалық тиімділігін бағалауды жетілдіру қажет;

– инвестициялық жобаны жүзеге асырудың түрлі кезеңдерінде экономикалық тиімділікті бағалауда бастапқы мәліметтермен өзара байланыс болуы тиіс, бұл – инвестициялық циклдің мерзімінде тиімділік көрсеткіштерінің өзгеруін бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Қазақстанда инвестициялық жобалардың жаңашылдығын, тиімділігін, экономиканы жақсартуға оң әсерін беретіндігін анықтайтын көптеген талдау әдістері қолданылуда. Бүгін бұл қызметтерді, қағидаларды, әдістер мен тәсілдерді «Самұрқ-Қазына» АҚ жасалып жатқан жұмысынан көріп отырмыз.

Бүгінгі күні Қор өзінің негізгі еншілес ұйымдары арқылы жалпы құны 81 млрд АҚШ долларын құрайтын 100 инвестициялық жобаны іске асыруға қатысады. 51,7 млрд АҚШ доллары сомасына тағы 83 инвестициялық жобаны іске асыру мүмкіндігі қосымша пысықталуда. Қордың инвестициялық қызметі, ең алдымен, экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға, экспорттық әлеуетті дамытуға, импорт алмастыруға және қазақстандық қамту үлесін ұлғайтуға оң әсер етеді.

Қазақстанда қазіргі кезде жоғары даму әлеуеті бар жобаларға инвестиция салуға назар аударылады. Оның ішінде балама энергетика көздерін, химия мен мұнай химиясын, көлік саласын, инфрақұрылымды, машина жасауды, IT-технологияны және де инновациялық құрамдас әрі озық технологиялар трансферттелген жобаларды дамытуға басымдық беріледі.

Дәстүрлі секторларда ірі өнеркәсіптік өндірістер құрудан басқа, Қор өзінің еншілес компанияларының кәсіпкерлер тікелей қатысатын орта және шағын жобаларды дамытумен байланысты қызметінің жаңа бағыттарын дамытуға баса назар аударады. Бұл бағыт инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру жолымен шағын және орта бизнесті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды, ал ол қазақстандық қамтуды ұлғайтуға қосымша серпін береді.

Бұл атқарылып жатқан жұмыстардың ең басты қағидасы ол – қосылған құны бар тауарлар мен қызметтер жасауға, сондай-ақ өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыруға және көлемін ұлғайтуға бағытталған экономикалық жағынан тиімді, өзін-өзі ақтайтын жобалар ғана жүзеге асырылады.

#### Әдебиеттер

1. Колтынюк Б.А. Инвестиционные проекты: учебник. Второе издание, переработанное и дополненное. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2002. – 622 б.
2. Марголин А.М. Экономическая оценка инвестиционных проектов: учебник для вузов / А.М. Марголин. – М.: ЗАО Издательство «Экономика», 2007. – 367 б.
3. М. Қанатұлы, С.Н. Нұрланова, Құрылыс материалдары өндірісті дамуының басым бағыттары, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ., [режим доступа]: <http://group-global.org/publication/view/624>
4. «Самұрқ-Қазына» АҚ сайты: Негізгі: Баспасөз орталығы: Жаңалықтар: [режим доступа]: <http://sk.kz/news/view/3582?lang=kz>

#### References

1. Koltynyuk B.A. Investitsionnye proekty: Uchebnik. Vtoroe izdanie, pererabotannoe i dopolnennoe. – SPb.: Izd-vo Mikhiylova V.A., 2002. – 622 b.
2. Margolin A.M., Ekonomicheskaya otsenka investitsionnykh proektov: Uchebnik dlya vuzov / A.M. Margolin. – M.: ZAO “Izdatel’stvo “Ekonomika”, 2007. – 367 b.
3. M. Kanatuly, S.N. Nurlanova, Kurylyk materialdary ondiristi damuynyn basym bagyttary, Shakarim atyndagy Semei memleketik universiteti, Semei k., [rezhim dostupa]: <http://group-global.org/publication/view/624>
4. «Samuryk-Kazyna» AK saity: Negizgi: Baspasoz ortalygy: Zhanalyktar: [rezhim dostupa]: <http://sk.kz/news/view/3582?lang=kz>